



МҰРАТБАЕВ- ҚАЗАЛЫ

№80
(2251)
Сәрсенбі
25 қыркүйек
2024 жыл



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ҚАЗАЛЫДА ЕГІНГЕ АЛҒАШҚЫ ОРАҚ ТҮСТІ

Бүгінде аудан диқандары алқаптардан өнімін жинауға кірісті. Ендігі міндет – қырмандағы астықты ауа райының қолайлы шағын пайдаланып, ел ырысына айналған күріш дақылын ысырапсыз тез арада жинап алу болмақ. Бұған жергілікті жерде барлық жағдай жасалған, яғни, адам күші мен техника жеткілікті.

«РЗА-Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Бекарыстан би аулындағы егін алқаптарында егінге алғашқы орақ түсті.

Серіктестік директоры Нұрлан Имандосов биылғы жылы шаруашылық бойынша 4618 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылғанын айтты. Оның ішінде 2060 гектар жерге күріш, 616 сүрлемдік үгері, 670 гектар жаңа жоңышқа, 1272 гектар ескі жоңышқа егілген.

Мұнан соң аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет диқандарды алғашқы егін орағымен құттықтап, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекпанов ақ батасын берді. Сондай-ақ, егін орағының лентасы салтанатты түрде қиылып, «дала кемесі» атанған комбайндар өз жұмыстарын бастады.



Күрішке орақ салу рәсімі мұнан кейін жылдағы дәстүрге сай аудан әкімінің төрағалығымен «Дала күні» мәжілісіне жалғасты. Жиында ауданның аграрлық саласының бастауы – егін жинау жұмыстарының дайындығы мәселесі қаралды.

Жиында аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы Еркін Сейтов күріш жинауға дайындық туралы баяндап берсе, егінді суармалы сумен қамтамасыз ету, су ақысы төлемдерінің барысы және су жолдарына жасалатын жөндеу

жұмыстарына байланысты «Қазалысушар» өндірістік учаскесі басшысының орынбасары Жанбай Садық баяндады. Ал, «РЗА Агро» ЖШС-нің директоры Нұрлан Имандосов осы күріш өсіруші шаруашылықтың егін орағына дайындық барысы туралы айтып берді. Баяндамашылардан кейін «РЗА» АҚ-ның президенті Самұрат Имандосов сөз алып, дала еңбеккерлерінің жаздайғы еткен еңбегін атап өтіп, егінді ысырапсыз жинап алуларына сәттілік тіледі.

Мәжілісті қортындылаған

аудан басшысы жаздың шіліңгір ыстығына қарамастан нәтижелі жұмыс істеген диқандардың еңбегіне тоқталды. Сонымен қатар, алдағы міндет: ел ризығын шашпай-төкпей, жауын-шашынға ұрындырмай егінді жинап алу керектігін жеткізді.

Осыған сәйкес егілген егінді ысырапсыз мерзімінде жинап алу үшін аудан әкімінің орынбасары Күнтілес Назымбековке, аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы Еркін Сейтовке және ауыл әкімдері мен шаруашылық басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктеді. Сондай-ақ, аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары Болатхан Мұхановқа егістікке түсіп, қараусыз, бағусыз жүрген малдардың иелеріне айыппұлдар салуды тапсырды.

Айта кетейік, Қазалы ауданы бойынша биыл 17 300 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылды. Негізгі дақыл – күріштің көлемі 6200 гектар. Бүгінгі таңда аудан бойынша күріш орағына қатысатын 42 комбайн, 29 жатка, 115 трактор, 40 жүк көлігі және 59 трактор тіркемесі толықтай жөндеуден өткізіліп, егіс алқаптарында жұмыс атқаруда.

АУДАН ӘКІМІ АБАЙ ЖӘНЕ Ғ.МҰРАТБАЕВ АУЫЛДАРЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің тұрғындармен кездесуі «Сарыкөл» мен Ғани Мұратбаев ауылдық округтерінде жалғасты.

Алдымен дарияның арғы бетіндегі Абай ауылының тұрғындарымен диқандармен аудан басшысы жыл басынан бері атқарылып келе жатқан жұмыстарды баяндап, алдағы жоспарлармен бөлісті.

Мұнан соң кезек ұсыныс пікірлерге келгенде ауыл тұрғындары ауыл сыртындағы шабындық пен жайылымдық жер мәселесін ортаға салды. Бұған қатысты аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы Еркін Сейтов жауап берді.

Мұнан кейінгі кезде-

су Ғ.Мұратбаев аулында жалғасын тапты. Тұрғындармен кездесуде аудан басшысы ел ішіндегі жүйелі жүріп жатқан жұмыстарға тоқталып, келер күннің еншісінде тұрған мақсат-міндеттерді де сөз етті. Сондай-ақ, ауыл тұрғындарының мұң-мұқтажын тыңдап, пікірлеріне құлақ асты.

Елді мекен жұртшылығы та-рапынан ауылға білім ошағы мен балабақша және спорт кешені қажет екендігі, сондай-ақ, ауыл ішіндегі бірнеше көшеге жол жөндеу жұмыстарын жүргізу, ауыл сыртынан мал суғаруға скважина қазу, жайылымдық жер мәселесі және аудан орталығынан бау-бақша өнімдерін сататын

арнайы орын қажеттігі сынды мәселелер көтерілді.

Аудан басшысы көпшілікке барлығын заңдылыққа сәйкес жіті түсіндіріп, қойылған сауалдарға жеке-жеке тоқталып, нақты жауап берді. Сондай-ақ, сауалдарға қатысты тиісті сала басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Тұрғындармен өткен кездесулер барысында аудан басшысы жеке мәселелері бойынша жүгінген тұрғынмен қабылдау өткізіп, көтерген мәселелері бойынша заңдылыққа сәйкес жұмыс істелінетінін жеткізді.

Аудан әкімі ауылдарға жасаған сапары барысында барлық

әлеуметтік нысандардың бу қазандықтарының қысқы жылу беру маусымына дайындығын пысықтап, Абай аулындағы жуық арада іске қосылатын көгілдір отынды тұрғын үйлерге кіргізу жұмыстарын көрді. Сонымен қатар, Абай аулындағы Сырдария өзенінен өтетін қалқымалы көпірдің жағдайын көріп, округ әкімі мен аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы бөлімі басшысының міндетін атқарушы Жасұлан Сыдықовқа және қалқымалы көпірге жауапты кәсіпкерге көпірге тез арада жөндеу жұмыстарын жүргізіп, айналасын ретке келтіруді тапсырды.

**Қазалы ауданы әкімдігінің
баспасөз қызметі**

ЕСІМІ АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН ЕР ДАБЫЛ БАТЫР

Қазақ тарихында ел басына күн туып, халқымыздың тағдыры қыл үстінде тұрған қаншама алмағайып кезеңдер болды. Халқы үшін қасық қаны қалғанша аянбай шайқасқан батырларымыз қаншама.

Солардың бірі -қазақ тарихында есімі алтын әріппен жазылатын тарихи тұлға – Ер Дабыл Бекшеұлы.

Дабыл батыр қазіргі Қызылорда облысы, Қазалы өңірінде дүниеге келіп, 1771-1860 жылдары өмір сүрген. Арғы бабасы Маңғытайұлы Құдайсүгір батырдан Еремен (Ремен), одан Итемген, одан ағайынды Ақша, Бекше, Қаблан, Жолбарыс батырлар, Бекше батырдан Дабыл, Қожа батырлар және Пұсырман дүниеге келген. Дабыл батыр шыңжыр балақ шұбар төс батырлар әулетінен шыққан айтулы ер болған. Батырлар тек соғыс кезінде ғана көзге түсіп қана қойған жоқ, сонымен қатар, олар кішігірім рулық бөлімшелерді басқарған. Әскери кәсіп –батырлар үшін ата кәсіп саналып, көп жағдайда әкеден балаға мұра болған. Батырлар әулетінде туған бала жастайынан әскери кәсіппен айналысып ел үшін соғысқа аттануы міндетті.

Дабыл батыр Бекшеұлы (1774-1860) атақты халық батыры Жанқожа батыр Нұрмұхаммедұлына бата берген ағасы, сыйлас досы, жақын серігі, қолбасшыларының бірі күші тасыған ержүрек батыр болған. Ресей империясының басқыншылығына, Қоқан, Хиуа хандықтарының озбырлығына қарсы азаттық күресте өмірін ат үстінде өткізген.

Өкініштісі Дабыл батырдан ұрпақ қалмаған. Дабыл батырдың інісі Қожа да батыр болған. Қыс Қызылқұмды «Томар астау» атты жерде қыстап, жазда Сырдария өзенінен «Мортық» өткелінен өтіп, Қазалының солтүстігіндегі үлкен «Қожа тақырдағы» қақсуы кепкенге дейін қой төлдетіп, Қарақұм беткейіндегі осы күнгі «Қожа қазған» елді мекенін жаз жайлайды екен.

Қожа батыр өте ірі денелі, тек түйе көтеретін, алыс қашықтыққа ат көтере алмайтын батыр әрі бай адам. Соғыс кезінде жамбасына найза кіріп, жайлауы Қожақазғанға жете алмай жолда қаңсырап, қайтыс болған. Жерленген жеріндегі қалың шиді түбімен қопарып, бейітін өргендігіне байланысты Қожа батыр жерленген жер «Шилі мола» атаныпты. «Шилі мола» бұл күнде «Шилі» елді мекеніне айналған.

1841 жылы қыркүйекте даңқты Кенесары үш жүздің өкілдері жиынында қазақ халқының ханы болып сайланды. Осы жылы Кенесары хан Қоқан хандығымен соғысып Жаңақорған, Шымқорған, Созақ,

Шолаққорған бекіністерін алды. Ең ауыр Созақ бекінісін алу да ерлік. Дабыл батыр орасан ерлік көрсетеді.

Дабыл батыр Қарасақал руының бетке ұстар биі де болған айтулы кісі. Қазақ қоғамында ру басыларының алатын орны мен үлес салмағы ерекше. Әсіресе XVIII ғасыр басында қазақ қауымын басқарушы ру басыларының ең көп бөлігін билер құраған. Өйткені мемлекеттегі саяси және әлеуметтік құрылымын тек қана ғұрыптық құқық емес, сол тәрізді рухани-мәдени салт дәстүр негізінде де ұштастырып теңдестіретін бірден-бір тетік ретінде билер институты қазақтың дәстүрлі қоғамдық өмірінде орасан зор рөл атқарған.

Жанқожа батыр жорықтарының көбінде Дабыл батырдың аты аталып, ең сенімді қолбасшыларының бірі болғаны көрсетілген. Ер Дабылды Сыр сүлейлері мадақтап, ақын-жыраулар өлең –жырларына қосқан. Дабыл батыр туралы Молдахмет Қаназов пен Самат Қалуовтың, Лұқпан Кенжеевтің, Сардарбек Қожағұловтың және Жұмабек Айдарбекұлының еңбектерінде айтылады.

1790 жылғы қазақтар мен қарақалпақтар арасында болған соғыста Тықы батырға қарсы 17 жастағы Жанқожа шығып, Тықы батырды өлтірді. Осы жекпе-жекке шыққан кезде Жанқожа батырға алғаш бата берген Дабыл батыр болған.

Қарақалпақтың бас батыры Тықы өліп, әскері ойсырай жеңіліп, тірі қалғаны еліне барса, қарсы тұрар еркек кіндіктің жоқтығын пайдаланған түрікпендер қарақалпақтардың елін шауып, мал-мүлкін талап кетсе керек. Елінің үлкендері жиылып; -«Тықы батыр қазақтармен соғыспа дегенімізді тыңдамады, ақыры басын жұтты, қазақтармен жауласқанымызбен түбіміз бір туысқан елміз, сый-жоралғымызды алып барып келісімге келейік. Біз отырықшы, егін егетін елміз, қазақтар көшпелі мал баққан ел, екі ел мал мен астықты айырба-стап, біз егін егуді, арық қазуды үйретіп, тату көрші тұрайық, олар бізді түрікпендерден, Қоқан, Хиуа басқыншыларынан қорғасын» деген тұжырымға келеді.

Екі елдің ру басылары келісімге келіп, Қарасақалдар «Дәуқара» жеріне көшіп барып, арасында достық қарым-қатынас орнайды. Қарақалпақтар қазақтарға арық қазып, егін егуді үйретеді. «Дәуқара» жерінде «Дабыл бөгеті», «Дабыл арығы», «Дабыл жармасы» деген атау алған 50-60 гектардай жерге Дабыл батыр егін еккізген. Өлі күнге дейін атыз-арықтарының ізі

бар. Тақтакөпір ауданының бұрынғы Карл Маркс кеңсары, қазіргі «Мүлік» аулының шығыс бетінде 4-5 шақырым жерде «Дабыл қорғаны», 10 шақырым жерде қарауыл қарайтын «Дабыл төбесі» деген осы күнге дейін жер атаулары бар.

Ер Дабыл қарасақал руы адамдарымен және қарақалпақ сарбаздарымен түрікпендер мен Қоқан, Хиуа хандығы басқыншыларынан қарақалпақпен қазақ жерінің оңтүстік шебін қорғап жүрген. Дабыл батырдың аталас ағалары Жанай ұлдары Қадір батыр, Сәдір батыр және інісі Жауғашарұлы Ойса батыр осы соғыстарда қасында болған сенімді серіктері. Елдің оңтүстік беттегі шекарасын жаулардан сақтап қалуда Дабыл батырдың алатын орны ерекше.

Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы Сыр бойының наразы халқы Жанқожа Нұрмұхаммедұлы батырдың төңірегіне жиналып, Сыр бойындағы Шекті, Қарасақал, Төртқара, Шөмекей, Қара Кете, Керейіт және тағы басқа тайпалар 1856 жылы көтеріліске шықты. Осындай мәліметті Орал укреплениясының бастығы, майор Михайлов Сырдария линиясының басшысы, генерал Фитингофқа жеткізіп отырды. Жанқожа батырдың қасында осы кезде сарбаздарымен бірге 85 жастағы Дабыл батыр да болды.

(Жанқожа Нұрмұхаммедұлы, Зерттеулер мен мақалалар. Молдахмет Қаназ, 2014 жыл, 162 бет.) –«Обычно принято считать, что в восстании, руководимом Джанхожей Нурмухамедовым, участвовали одни кишкене-шектинцы. Однако это далеко не верно: среди повстанцев были и казаки других родов, в частности, Карасакал и Торткара. В шайках Джанхожи карасакаловцы, кишкене-шектинцы и часть торткаринцев» (ЦГВИА, ф. 1442, оп. 1, д. 2. л. 99) доносил начальнику Сырдарьинской линии Фитингофу начальник Уральского укрепления майор Михайлов». (363-364 беттерінде)

–«...Орыс өктемдігінің кесірінен келген бұл аласапыран қара халықты мүлде тұралатып кетті, ата-жұрттарынан босты, халық саны азайды, мал-мүліктерінен айрылды, талай қыздар мен әйелдер күндікке кетті, талай азаматтар бірде ол жаққа, бірде бұл жаққа өтіп, сергелдеңге түсті. Сергелдеңге түскен елде халықты ұйымдастыра білген батырлардан өзге сүйеніш қалмады. Солардың да ішінде табандары таймастан қай сойқан, қай қан кешулерде де бірін бірі демеп, қара қазақтың қалқаны болған үш тұлға бар. Ол майдан Жанқожа Нұрмұхаммедұлы, қарасақал Дабыл Бекшеұлы,

қаракесек Ақтан Ақайұлы. Бұлар алмағайып заманда табандары тайып көрмеген, қашанда халқы үшін қан кешкен таласы жоқ ірі тұлғалар. Ақтан Ақайұлы (Қағазда Ақтан батырдың әкесінің аты Қабан. М.Қ.) 1854 жылы өз ажалынан қайтты. Ізіне ерген аз ғана ағайынымен Мұғалжар тауының сілемдерінде қоныстап отырған. Бейіті Ақтөбе облысына қарасты Тебенсай деген жерде. Өз ажалынан өлген Дабыл қазіргі Қарақалпақстан аумағында тыныстап жатыр.» «Желтоқсан айының 11-күні №54 дистанция бастығы Тобабергенов Жайық бекінісінің билеуші сұлтаны Жантөринге: «Бөрі сұлтан, Жанқожа, Дабыл, қожа Баймұхамед Үш өткелде 500-дей сарбаз жиып, қысқа қарай №1 фортқа жылжымақшы»-деп хабарлайды.

1857 жылы көтеріліс жеңіліс тапса да Жанқожа батырдың қасында Қызылқұмда қарасақал Дабыл би 35 шаңырағымен қасынан табыла білді. Осының өзі Ер Дабылдың достығының мықтылығын, нағыз жажүрек қаһарман болғанын көрсетеді.

1860 жылы Генерал губернатор В.И.Катенин соғыс министрлігіне көтерілісте Дабыл Бекшиннің қолға түспегені жөнінде мәлімдемеде . «...Из всех предводителей хищников один только карасакаловец Дабыл Бекшин не попался в руки и до сих пор находится Хивинских владениях».

Ер Дабыл 89 жасында қайтыс болып, Қызылқұм беткейінде, Жанқожа бейітінен оңтүстік батысқа қарай 35 шақырым жердегі жерленген биік төбе таңертеңгі сағым кезінде көрінеді екен. Ол жер қазір Қарақалпақстан автономиялық Республикасына тиесілі. Қазақта «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген нақыл бар. Сондықтан, кейінгі ұрпақ, кезінде халық мүддесін қорғап, халық батыры атанған, әділдігімен ел құрметіне бөленген Бекшеұлы Дабыл батырдың есімі республикалық дәрежедегі тарихи тұлғалар тізіміне енгізіп, Қазалы өңірінен шыққан айтулы тұлғаларға арналған өлең-жырларға қосып, ұлықтауымыз керек.

«Дабыл арығы», «Дабыл бөгеті», «Дабыл жармасы», «Дабыл төбесі» және Дабыл бейітінің басына ескерткіш белгілер қойылса даңқты батыр Ер Дабылға жасалған үлкен тағзым болар еді.

Бақытжан АХМЕТБЕК,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі, Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының академигі

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ КІРУДЕ АРТЫҚ КЕДЕРГІЛЕР ЖОЙЫЛУДА

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі 2023 жылдың 1 наурызынан бастап мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа жүйесін пилоттық режимде сынақтан өткізуде.

Бұл ретте, «Е-қызмет» порталында мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа алгоритмі енгізілген. Конкурстық рәсімнің жаңа форматы үміткерлерге кез келген уақытта және әлемнің кез келген нүктесінен қатысуға мүмкіндік береді.

«Е-қызмет» жүйесі барлық негізгі ақпараттық жүйелермен біріктірілген. Үміткер туралы өзге ақпараттық жүйелерден ақпарат алу, оның соттылығын немесе өзге де құқық бұзушылықтарға қатыстылығын тексеру, біліктілік талаптарына сәйкестігін қарау – мұның бәрін жүйе автоматты түрде өзі жасайды.

Ендігі кезекте пилоттық жоба негізінде конкурсқа қалай қатысуға болатынын түсіндіріп өтейік.

Конкурс ықпалдастырылған ақпараттық жүйенің "eqyzmet.gov.kz" сыртқы интернет-порталында жүзеге асырылады, яғни ешқандай тікелей байланыссыз онлайн түрде

жүргізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін үміткерге интернет, компьютер және веб-камерасының болуы жеткілікті. Осы құрылғыларды пайдаланатын отырып, үміткер жеке сәйкестендіру нөмірін және ЭЦҚ енгізу арқылы жүйеде тіркеледі және конкурсқа қатыса алады.

Конкурс кезеңдеріне қатысқан кезде үміткердің дербес деректерін көрсетпей иесіздендіру үшін өтінім берген кезде жүйе оған дербес сәйкестендіру нөмірін тағайындайды. Яғни, конкурсқа қатысушы үміткер туралы ақпарат жасырын болады.

Жалпы конкурсқа қатысу үшін үміткер шекті мәні 50% құрайтын жеке қасиеттерін бағалау бойынша тестілеуден өтеді.

Мұнан соң, конкурстың келесі кезеңі мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау болып табылады. Бұл жерде үміткерге жалпы саны 50 сұрақтан тұратын логикалық және ситуациялық сұрақтар қойылады. Екі кезеңнің нәтижесімен жоғары балл жинаған үш үміткер, конкурстың соңғы кезеңі,

аңгімелесуге жіберіледі.

Іріктеу кезеңдерінен өту кезінде үміткер өзге адаммен ауысуына, жанында бөгде адамдар болуына, орнын тастап кетуге, экраннан бұрылуына және бейнекамераны ажыратуына болмайды. Бұл процеске жасанды интеллектінің де жұмысы қосылған. Жоғарыда айтып өткендей өзге адаммен ауысуы, жанында бөгде адамдар болуы, орнын тастап кетуі, экраннан бұрылуы және бейнекамераны ажыратуы, бөгде адамдардың дыбысы шығып отыруы жасанды интеллект арқылы тіркеліп, анықталып отырады.

Конкурс кезеңдерінен өту кезіндегі барлық жазылған бейнежазба прокторлармен, яғни белгіленген тексеруші адамдардың бақылауынан өтіп, егер бұзушылықтар анықталып, ереже жағдайда үміткердің тестілеу келесі кезеңге жіберілмейді.

Аңгімелесу сатысына өткен үміткерлер онлайн түрде қатысады. Конкурс комиссиясының мүшелері жүйемен таңдалған адамдардан тұрады, яғни бір-бірін танымайтын мүшелерден құралады.

Айта кету керек,

прокторлар-тексерушілер қатысушылардың кім және қайдан екендігі туралы бейнехабар болады. Себебі, кандидаттар деректері көрсетілмей, тек арнайы код беріліп, иесіздендіріледі.

Комиссия мүшелері үміткерлерді 1 мен 3 балл арасында бағалайды. Нәтижесінде барлық кезеңнен өткен үміткерлердің орташа баллы шығады және ең көп балл жинаған үміткерді «Е-қызмет» жүйесі автоматты түрде конкурс жеңімпазы деп таниды.

Қазіргі таңда Республика бойынша 44 мемлекеттік органдарда мыңнан аса конкурс осы жүйе арқылы өткізіліп, өз нәтижесін көрсетуде.

Жаңа жүйенің артықшылығы – мемлекеттік қызметке кіруде артық кедергілерді жойып, бюрократиядан арылтып, талабы бар талантты жастардың мемлекеттік қызметке келуіне өз септігін тигізетін болады.

Жасұлан ШЫНТАСОВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің мемлекеттік қызмет басқармасының басшысы

КАССАЦИЯЛЫҚ СОТ ҚҰРУ – МАҢЫЗДЫ БАСТАМА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2023 жылдың қыркүйек айында отандық бизнес өкілдерімен кездесу барысында азаматтардың құқықтарын сапалы қорғауды қамтамасыз ету үшін жекелеген қасиеттілік соттар құрудың маңыздылығы туралы атап өтті.

2025 жылдың 1 шілдесінен бастап, Елордада апелляциялық және қайта қараудың бірыңғай қағидалары бар үш дербес қасиеттілік сот жұмыс істейтін болады.

Жалпы, кассациялық соттардың құрылуы кезінде олардың кезінде олардың тиімді жұмыс істеуі, судьялардың шынайы тәуелсіздігін қамтамасыз ету, судьялық лауазымдарға ашық және жария түрде іріктеу қажеттілігі мәселелеріне ерекше назар аудару қажет екендігі қарастырылды.

Қазіргі уақытта

Жоғарғы Сотта кассациялық алқа ретінде шағымданудың екі кезеңі қалыптасқан. Бұдан бөлек, Жоғарғы Сот төрағасының ұсынуы бойынша және Қазақстан Республикасының Бас прокурорының наразылығы бойынша дауды шешу мақсатында жұмыс қолға алынады.

Осы тұрғыдан алғанда кассациялық өтінішті жеке-дара қарау құқығының Жоғарғы Сот судьясына берілуі сот төрелігінің бәсекелестік негізінде жүзеге асуына тосқауыл қояды.

Дұрысында тараптар өз ісінің сот отырысында қаралуы үшін мемлекеттік баж төлейтіндіктен, істің сот отырысында таразылануы міндетті. Ал, арнайы сот процесін жүргізбей-ақ, судьяның жеке-дара шығарған қаулысы қолына тиген азаматтардың өкпе айтуы орынды.

Мұндай кемшіліктердің алдын алу үшін кассациялық сатыға шағым жазған азаматтардың өз дәлелін тыңдатуға мүмкіндік беріп, істің толық алқалы құрамда және жариялы түрде қаралуының нақты тетігі жасалуы тиіс.

Өз кезегінде тәуелсіз кассациялық сот құру сот төрелігінің сапасын және азаматтардың жалпы соттарға деген сенім деңгейін арттыруға ықпал етеді.

Сондай-ақ кассациялық сотты тәжірибеге енгізу сотқа кететін қаржыға нұқсан келтірмей, азаматтардың ұсыныс-талабын ескере отырып, шешім шығаруға жол ашады.

Сондықтан, кассациялық сот құру еліміздегі сот жүйесінің дамуына өз үлесін қосып, халықтың сот әділдігіне деген сенімін арттырады.

С.М.БЕРТАЙ,
Қазалы аудандық сотының судьясы

ТЕРІС ДІНИ ИДЕОЛОГИЯДАН САҚТАНУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

«Қазалы ауданы тұрғындары арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мақсатында қарсы насихаттық шараларды жүзеге асыру» әлеуметтік жобасы бойынша республикалық ақпараттық түсіндіру тобының (РАТТ) мүшесі, дінтанушы теолог Оспанов Дәлелхан Қоңырбайұлының қатысуымен «Теріс діни идеологиядан сақтанудың жолдары» тақырыбында №249, №234, №288, №266, №204, №276 мектептер мен Қазалы көлік – техникалық жоғары колледжі және Қазалы аграрлы – техникалық колледжінің студенттерімен кездесу өткізілді.

Кездесу барысында ұлттық құндылықтардың ұрпақ тәрбиесіне әсері, жат ағымнан сақтану жолдары туралы жан-жақты түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Дәріс барысында оқушылар мен студенттер көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, пікір алмасты.

«Қазалы ынтымағы» қоғамдық бірлестігі

● **Хабарландыру**

2024 жылдың 27 қыркүйек күні сағат 16:00-де аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өткізіледі. Комиссия отырысының күн тәртібінде төмендегідей мәселелер қаралады:

1. Қазалы ауданы бойынша міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырылмағандардың жайы туралы.

2. Қазалы ауданы бойынша әлеуметтік нысандардың қысқы маусымға дайындығы туралы.

3. Аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне республикалық, облыстық бюджеттен бөлінген қаржылардың игерілуі туралы.

Қазалы аудандық мәслихатының аппараты

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ДЕРТІН ЖОЮ – ӘР АДАМНЫҢ АЗАМАТТЫҚ БОРЫШЫ

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білуіміз керек. Біз қазір жаңаша өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де баршылық. Ал шешімі күрделі әлеуметтік мәселелер де бар. Қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол-сыбайлас жемқорлық. Елімізде осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан түрлі жұмыстар да баршылық. Дегенмен, бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Ендеше, жас буынға жемқорлықтың теріс

салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу-олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып жете түсінуіне және орындауына көмектесудің алғы шарттарының бірі болып саналады. Атап айтқанда, ол үшін ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жатқылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас жемқорлық-бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны жас ұрпақ тәрбиесіне зиян болатындығы бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен кесірін тигізеді. Яғни, осы келеңсіз

құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екендігі айқын. Сыбайлас жемқорлық- заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Қоғамның бақытты болашағын тежейді, елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіреді, жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді. Айта кетейік, бүгінгі күні аудан әкімдігі жанынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ведомствоаралық комиссия жұмыс істейді, ол ауданда сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты іске асырудың маңызды құралы болып табылады. Осы комиссиядан берілген тапсырмалар ауылдық округте орындалуда. «Сарбұлақ ауылдық округі әкімінің

аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында іс-шаралар жоспары бекітілген. Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу және олардың салдарларын жою жөнінде үнемі қызметкерлерге құқықтық сауаттандыру мақсатында ай сайын құқықтық оқулар, семинарлар өткізіліп келеді. Сонымен қатар, әр сала қызметтеріне сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жүргізіліп келеді.

Бақытбек ҚАНАЛЫ,
«Сарыбұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас маманы

●Маманның кеңесі

ТҰМАУДАН САҚТАНАЙЫҚ!

Жедел респираторлық вирусты жұқпалар мен тұмау – жоғарғы тыныс жолдарының жұқпалы жедел вирустық ауруы..

Тұмау жұқпасының таратушы көзі-науқас адам. Тұмау вирустары адамның тыныс жолдарында, мұрын қуысында, өңешінде өсіп-өніп көбейеді. Қоздырғыштар ауа арқылы тез тарайды, науқас адамнан сау адамға жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлескенде, сонымен қатар науқас адамның пайдаланған заттары (ыдысы, сүлгісі, қол орамалы, кітабы, есік тұтқасы және т.б.) арқылы жұғады.

Аурудың жасырын кезеңі өте қысқа. Вирус ағзаға түскен кезден бастап, аурудың алғашқы белгілері білінгенге дейін 24-48 сағат қана өтеді. Тұмау басталғаннан кейін 3-4 тәулік ішінде аса қауіпті әрі жұқпалы болады. Сондықтан ауырған адамның үйде жа-

тып емделгені, не дәрігерді үйге шақырғаны дұрыс.

Тұмаудың негізгі белгілері: ауру шұғыл басталады, дене қызуы 39 градусқа және одан да жоғары көтеріледі, дене түршігіп, бас және бұлшық еттер ауырады, жалпы әлсіздік, көзі жасаурап, қызарады.

Аурудың қауіптілігі аурудан кейінгі асқыну жағдайлары. Сонымен қатар тұмау ауруы 2 жасқа дейінгі балалар, қарттар, созылмалы аурумен ауыратын науқастар арасында ауыр түрде өтеді. Ал екіқабат әйелдің тұмаумен ауруы өте қауіпті.

Тұмау ауруынан сақтанудың ең тиімді шараларының бірі- тұмау ауруына қарсы вакцина ектіру. Тұмаудың өріс алуы кезеңі алдында халықтың неғұрлым осал топтарына (60 жас-тан асқан адамдар, созылмалы өкпе, жүрек-қан тамыры аурулары, иммундық

жетіспеушілігі бар ересектер мен балалар, әлсіз және жиі ауыратын балалар, жүкті әйелдер) және медицина қызметкерлеріне тұмауға қарсы егу шарасы жүргізіледі. Тұмауға қарсы егілгендер арасында ауру жеңіл өтеді, асқыну мен өлім жітім жағдайлары азаяды.

Сонымен қатар науқас және оны қоршаған адамдар тұмаудың жұғу жолдарының ең қарапайым алдын алу шараларын білуі тиіс. Науқасқа күтім жүргізгенде маска тағу, қолды жиі жуу, бөлек сүлгі пайдалауды қадағалаған жөн. Науқас жатқан бөлмені желдетіп, ылғалды тазалау жұмыстарын жүргізу маңызды.

Тұмаудың алдын алу үшін:

1. Ең тиімді, сенімді жол- тұмауға қарсы егілу (вакцинация);

2. Үйдің ауасын жиі желдету арқылы тазарту, бөлмелерді дымқыл

шүберекпен сүртіп тазарту;

3. Бөлмелерді қалыпты температуралық режимде ұстау;

4. Жеке бас тазалығын сақтау;

5. Қолды жиі жуу немесе бірреттік ылғалды қол орамал пайдалану немесе беторамалдарды жиі ауыстыру;

6. Дене шынықтыру, таза ауада көбірек болу;

7. Құнарлы және сапалы тамақтану;

8. Халықтың жиі шоғырланатын жерінде болуды шектеу.

Тұмаудың алғашқы белгілері пайда болған кезде өз бетіңізше ем жүргізбей, дәрігерге қаралу қажеттігін естен шығармаған жөн.

Саракул ШҮКІРАЛИЕВА,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы. Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.